

Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.06.2021 № 386 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 933 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасы

Осы Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату мәселелері бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі — Зан) 4-бабына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы қатысушы болуга ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша (бұдан әрі - халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы) ғылыми (құқықтық лингвистикалық, экологиялық, қаржы және басқа) сараптама жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2011.05.27 № 590 Қаулысымен.

2. Халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасына ғылыми сараптама жүргізуі ұйымдастыру әзірлеуші уәкілетті мемлекеттік органдарға (бұдан әрі - сараптаманы ұйымдастырушылар) жүктеледі.

3. Халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы бойынша ғылыми сараптама жүргізу туралы шешім:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының тапсырмасы негізінде;

2) Парламент депутаттарының бастамасы бойынша;

3) халықаралық шарт жасасу туралы ұсыныс берген орталық мемлекеттік органның бастамасы бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының келісілуін жүзеге асыратын басқа да орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша қабылдануы мүмкін.

4. Міндетті ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалар ратификациялауға жататын:

Қазақстан Республикасы қатысушысы болуга ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша – оларды ратификациялау немесе оларға ратификациялау жолымен қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін;

халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін жүргізіледі.

Ғылыми (экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптамалардың өзге де түрлері Қазақстан Республикасы қатысушысы болуга ниеттенетін халықаралық шарттармен, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларымен реттелетін құқықтық қатынастарға қарай жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 21.05.2014 № 513 қаулысымен.

5. Халықаралық шартқа немесе халықаралық шарттың жобасына ғылыми сараптаманы (ғылыми лингвистикалық сараптаманы қоспағанда) ғылыми ұйымдар және (немесе) тиісті бейіндегі жоғары оқу орындары, Қазақстан Республикасының қатысушы болуга ниеттенетін халықаралық шарт жобасын

дайындауға немесе халықаралық шартты жасасуға бастамашылық жасауға қатысқан адамдарды қоспағанда, оның ішінде шетелдік ғалымдар мен мамандардың ішінен тартылатын сарапшылар (бұдан әрі - сарапшылар) жүргізеді

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.27 № 590 Қаулысымен.

5-1. Халықаралық шарттар және халықаралық шарттар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын уәкілетті ұйым жүргізеді.

Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.27 № 590 Қаулысымен.

2. Ғылыми сараптаманың мақсаттары

6. Халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының ғылыми сараптамасы Заңның 4-бабының 3-тармағында көрсетілген мақсаттарда жүргізіледі.

7. Ғылыми сараптама жүргізу кезінде сарапшылар, ғылыми ұйымдар және (немесе) тиісті бейіндегі жоғары оқу орындары халықаралық шартқа Қазақстан Республикасы қатысқан жағдайда қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін анықтайды, сондай-ақ сараптаманы ұйымдастырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап береді.

3. Ғылыми сараптама жүргізудің тәртібі мен шарттары

8. Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы қоспағанда, халықаралық шарттарға немесе халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми сараптама жүргізу үшін Сарапшыларды іріктеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.27 № 590 Қаулысымен.

9. Ғылыми сараптама жүргізудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптаманы ұйымдастырушы мен сарапшы арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартта және еңбек шартында (бұдан әрі - шарт) белгіленеді.

4. Ғылыми сараптамалардың түрі

10. Халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы бойынша кешенді, дербес, комиссиялық, қайталама және қосымша ғылыми сараптамалар жүргізілуі мүмкін.

Кешенді ғылыми сараптама халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын білімнің түрлі салалары негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

Дербес ғылыми сараптама халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын білімнің бір саласы негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

Халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын комиссиялық сараптауды бір мамандық сарапшыларының комиссиясы жүргізеді.

Халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын қайталама ғылыми сараптау осы мәселелер бойынша алдыңғы ғылыми сараптама нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән туғызған жағдайларда жүргізіледі.

Қосымша ғылыми сараптама, егер халықаралық шарттың жобасына түжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

5. Ғылыми сараптама жүргізуі қаржыландыры

11. Халықаралық шартқа немесе халықаралық шарттың жобасына ғылыми сараптама жүргізуі қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық бюджетте көзделген қаржат есебінен жүзеге асырылады.

6. Ғылыми сараптама жүргізу үшін ұсынылатын құжаттар

12. Ғылыми сараптама жүргізу үшін сараптаманы ұйымдастырушылар сарапшыға:

1) өзірлеуші органның басшысы алдын ала қол қойған халықаралық шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жобасын не Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қуәландырған халықаралық шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріне аудармасы қоса берілген мемлекеттік өзірлеуші органның лауазымды адамы қуәландырған тілдегі мәтінін;

2) халықаралық шартта немесе халықаралық шарт жобасында сілтемелер бар халықаралық сипаттағы өзге де құжаттарды ұсынады.

Сарапшының сұратуы бойынша сараптаманы ұйымдастыруши тиісті халықаралық шартта немесе халықаралық шарттың жобасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды ұсынуы мүмкін.

7. Ғылыми сараптама жүргізу мерзімдері

13. Ғылыми сараптама халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын, сондай-ақ оған материалдарды сарапшыға ұсынған күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Қосымша және қайталама ғылыми сараптама халықаралық шартты және оған материалдарды сарапшыға ұсынған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізуі тиіс.

Қажет болған кезде ғылыми сараптаманы жүргізу мерзімі Сараптаманы ұйымдастырушының келісімі бойынша бес жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

Халықаралық шарттар және халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми лингвистикалық сараптама он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Үәкілетті ұйым қосымша және қайталама ғылыми лингвистикалық сараптамаларды тиісті материалдар ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.27 № 590 Қаулысымен.

8. Сарапшы

14. Сарапшы:

ғылыми сараптама жүргізу үшін қажетті, оның ішінде сарапшылық жұмыс жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша да барлық ақпаратты алады;

орындаған жұмысы үшін сыйақы алады;

сараптаманы ұйымдастырушының келісімі бойынша өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша ғана емес, өз құзыреті шегіндегі өзге мәселелер бойынша да қорытындылар береді;

ерекше жағдайда дәлелді өтініші бойынша және сараптаманы ұйымдастырушының жазбаша келісімімен, ғылыми сараптаманы жүзеге асыру үшін үшінші тұлғаларды тартуы мүмкін.

15. Сарапшы:

сараптаманы ұйымдастыруши оның алдына қойған мәселелер бойынша уәжді , ғылыми негізделген, шынайы және толық қорытынды береді;

өз күшімен, өз есебінен және сараптаманы ұйымдастыруши белгілеген мерзімде ғылыми сараптама жүргізу барысында өз кінәсінен жіберілген кемшіліктерді жояды;

сараптаманы ұйымдастырушыға қутілген нәтижелерді алу мүмкін болмайтынын анықтағаны немесе одан әрі ғылыми сараптама жүргізудің орынсыздығы туралы дереу хабарлайды;

сараптаманы ұйымдастыруышыға ғылыми сараптама жүргізу барысында шеккен шығыстары туралы есеп береді;

ғылыми сараптама жүргізудің мәнісіне қатысты мәліметтердің, оның орындалу барысының және ғылыми нәтижелерінің жасырын болуын қамтамасыз етеді;

шартта белгіленген өзге де міндеттерді көтереді.

9. Сараптамалық қорытынды

16. Жүргізілген ғылыми сараптама нәтижелері бойынша ғылыми сараптама жүргізудің мәнісі жөнінде сарапшылардың уәжді, ғылыми негізделген, шынайы және толық тұжырымы болуы тиіс сараптамалық қорытынды жасалады.

17. Сараптаманы ұйымдастыруышда немесе ғылыми сараптаманы жүргізуді бастаушы тұлғаларда сараптамалық қорытынды тұжырымдарына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, ол тиісті түсіндірмелер беруі үшін сарапшыға, не осы Қағиданың 11-тармағында көзделген қайталама ғылыми сараптама жүргізу туралы сұраумен жүгіне алады.

18. Ғылыми сараптаманың сараптамалық қорытындысында мыналар:

ғылыми сараптама жүргізген ұйымның атауы немесе сарапшының тегі, аты, әкесінің аты және деректері;

ғылыми сараптама жүргізілген ғылым саласы;

сараптаманы ұйымдастыруышының атауы;

халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының атауы;

ғылыми сараптаманы жүргізу кезінде пайдаланылған халықаралық шарттар және құжаттар;

ғылыми сараптаманың мәні мен мақсаттары;

сараптаманы ұйымдастыруыш қойған сұрақтарға жауаптарды қоса алғанда, негізделген ұсынымдар мен ұсыныстар.

Ғылыми сараптаманы ұйым жасаған жағдайда сараптама қорытындысы тиісті ұйымның фирмалық бланкісінде дайындалады.

19. Сараптамалық қорытындыға сараптама жүргізуші ұйымның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам немесе ғылыми сараптама жүргізген жеке тұлға қол қояды.

20. Сараптамалық қорытынды ұсынымдық сипатта болады.

Сараптамалық қорытындыда басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын ұсынымдар мен ұсыныстар болған кезде сараптаманы ұйымдастыруыш осы сараптамалық қорытындыны халықаралық шарттың мәтінімен немесе халықаралық шарттың жобасымен қоса "Қазақстан Республикасының

"халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабында көзделген сараптаманы жүргізу кезінде қарау және есепке алу үшін тиісті мемлекеттік органға жібереді.

Халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы мен ол бойынша сараптамалық қорытындыны Қазақстан Республикасы Үкіметінің не Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауына енгізген кезде сараптаманы ұйымдастыруши халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы бойынша сараптамалық қорытындыдағы ұсынымдарды қабылдамау себептерінің уәжді негіздемесін беруі тиіс. Сараптаманы ұйымдастыруши тиісті негіздемелердің көшірмесін бір мезгілде сарапшыға береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК